

"Кондоминиум объектісін мемлекеттік тіркеу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің міндетін атқарушының 2007 жылғы 24 тамыздағы № 241 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2016 жылғы 27 мамырдағы № 362 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 22 маусымда № 13814 болып тіркелді

«Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру мақсатында, «Әділет органдары туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабын басшылыққа ала отырып, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Кондоминиум объектісін мемлекеттік тіркеу ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Әділет министрі м.а. 2007 жылғы 24 тамыздағы № 241 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді тіркеу тізілімінде № 4945 болып тіркелген, Қазақстан Республикасының Орталық атқарушы және өзге де мемлекеттік органдарының Нормативтік құқықтық актілер бюллетенінің 2007 жылғы қазандағы № 10 жарияланған, 283 құжат), мынадай өзгерістер енгізілсін: аталған бұйрықпен бекітілген Кондоминиум объектісін мемлекеттік тіркеу ережесін

18-тармақ мынадай редакцияда жазылсын: «18. Кондоминиум объектісін тіркеу өтініш тіркеуші органға келіп түскен күннен бастап үш жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады».

2. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Тіркеу қызметі және заң қызметін ұйымдастыру департаменті (В.Қ. Калимова) заңнамада белгіленген тәртіппен:

- 1) осы бұйрықтың мемлекеттік тіркелуін;
- 2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның мерзімді баспасөз басылымдарында және «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберілуін;
- 3) осы бұйрықты алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне орналастыру үшін оның «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;
- 4) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Әділет министрінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Әділет министрі Қазақстан Республикасының
Б. Имашев

«К Е Л І С І Л Д І»
Қазақстан Республикасының
Ақпарат және коммуникациялар
министрі
Д.Ә. Абаев

2016 жылғы 3 маусым

«К Е Л І С І Л Д І»
Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика
министрі
Қ.У. Бишімбаев

2016 жылғы 14 маусым